

Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын жасау ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 14 қыркүйектегі N 959 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 26 қаңтардағы N 45 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 26 қаңтардағы N 45 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын жасау ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4 ж ы л ғ ы 1 4 қ ы р к ү й е к т е г і

N 9 5 9 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын жасау ережесі

1. Осы Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын жасау ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын жасаудың құрылымы мен тәртібін айқындайды.

1-бөлім. Жалпы ережелер

1-тарау. Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының құрылымы

2. Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасы (бұдан әрі - Бюджеттік сыныптама) бюджет түсімдері мен шығыстарын сыныптама объектілеріне топтамалық кодтар бере отырып, функционалдық, ведомстволық және экономикалық сипаттамалар бойынша топтастыру болып табылады. Бюджеттік сыныптама Қазақстан Республикасы бюджет жүйесінің барлық деңгейдегі бюджеттері көрсеткіштерінің салыстырмалығын қамтамасыз етеді.

Бюджеттік сыныптама шоғырландырылған бюджет үшін бірыңғай және

міндетті әрі республиканың стратегиялық, орта мерзімді бағдарламалары мен даму жоспарларының, республикалық және жергілікті бюджеттердің теңдестірілуіне қол жеткізу мақсатында олардың көрсеткіштер жүйесін үйлестіру құралдарының бірі болып табылады.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.12.15. N 1214 қаулысымен.

3. Бюджеттік сыныптаманы бюджетті жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган заңнамалық кесімдердің, Қазақстан Республикасының Президенті жарлықтарының, Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулыларының негізінде әзірлейді және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

4. Бюджеттік сыныптама өзіне мыналарды қамтиды:
бюджет түсімдерінің сыныптамасы;
бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасы;
бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы.

5. Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:
сыныптамалық код - түсімнің әрбір түрі, бюджет шығыстарының әрбір түрлері және бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бойынша, олардың белгілі бір сипаттамалары бойынша, түсімдер сыныптамасының, шығыстардың функционалдық және экономикалық сыныптамасының деңгейлері бойынша жеке бекітілетін цифрлық белгі (топтамалық код);

іс-әрекеттің аяқталу мерзімі - ол басталған сәттен бастап тиісті сыныптамалық код бойынша түсімдерді есепке алу немесе шығыстарды қаржыландыру тоқтатылатын күн.

2-тарау. Бюджет түсімдерінің сыныптамасы

6. Барлық деңгейдегі бюджеттер түсімдерінің белгілі бір сипаттамалар бойынша осы Ереженің 3-тармағында көрсетілген салықтарды, төлемдерді және бюджетке түсетін басқа да түсімдерді белгілейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық кесімдеріне негізделген топтамасы бюджет түсімдерінің сыныптамасы болып табылады.

7. Бюджет түсімдері сыныптамасының топтамасы мыналардан тұрады:
түсімдердің экономикалық белгілері бойынша топтамасын білдіретін санаттар. Сыныптамалық коды 1 белгіден тұрады;
түсімдерді олардың көздері мен түрлері бойынша топтайтын сыныптар. Сыныптамалық коды 2 белгіден тұрады;
түсімдерді олардың көздері мен түрлері бойынша неғұрлым егжей-тегжейлі

топтайтын ішкі сыныптар. Сыныптамалық коды 1 белгіден тұрады; бюджетке түсетін төлем немесе түсім түрін айқындайтын ерекшеліктер. Сыныптамалық коды 2 белгіден тұрады.

8. Түсімдердің әрбір түрінің түсімдер сыныптамасының барлық деңгейлерінің кодтарынан қалыптасатын алты белгілі коды болады.

9. Түсімдердің әрқилы түрлері үшін бірдей алты белгіден тұратын кодтарды белгілеуге жол берілмейді.

10. Сыныптама санаттары бойынша түсімдерді тарату Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

11. Бюджет түсімдерінің сыныптамасы өзіне мынадай негізгі санаттарды қамтиды :

- 1 - салықтық түсімдер;
- 2 - салықтық емес түсімдер;
- 3 - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер;
- 4 - трансферттерден түсетін түсімдер;
- 5 - бюджеттік кредиттерді өтеу;
- 6 - мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер;
- 7 - қарыздардың түсімі;
- 8 - бюджет қаражаты қалдықтарының қозғалысы.

12. Бюджет түсімдерінің сыныптамасы осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес құрылым бойынша жасалады.

Ескерту. 11-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.12.15. N 1214 қаулысымен.

3-тарау. Шығыстардың функционалдық сыныптамасы

13. Мемлекет функцияларының орындалуын, республиканың стратегиялық, орта мерзімді бағдарламалары мен даму жоспарларын іске асыруды бейнелейтін функционалдық және ведомстволық белгілер бойынша бюджет қаражатының жұмсалыу бағыттарын айқындайтын барлық деңгейлердегі бюджеттер шығыстарының топтамасы бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасы болып табылады.

Ескерту. 13-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.12.15. N 1214 қаулысымен.

14. Бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасының топтамасы мынадай деңгейлерден тұрады: функционалдық топтар; функционалдық ішкі топтар; бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері; бюджеттік бағдарламалар және

15. Функционалдық топ елдің стратегиялық даму басымдықтарына сай келетін және олардың әрқайсысының айқын мақсатын көрсететін елдің негізгі даму бағыттарын көрсетеді. Сыныптамалық коды 2 белгіден тұрады.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.12.15. N 1214 қаулысымен.

16. Мемлекеттік басқару органдары орындайтын функцияларға байланысты бюджет шығыстары мынадай функционалдық топтар бойынша сыныпталады:

- 01- Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер
 - 02 - Қ о р ғ а н ы с
- 03- Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқық, сот, қылмыстық-атқару қызметі
 - 04 - Б і л і м б е р у
 - 05 - Д е н с а у л ы қ с а қ т а у
- 06- Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру
- 07- Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық
- 08- Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік
- 09- Отын-энергетикалық кешен және жер қойнауын пайдалану
- 10- Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары
- 11- Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі
- 12- Көлік және коммуникациялар
 - 13 - Ө з г е л е р і
- 14- Борышқа қызмет көрсету
 - 15 - Т р а н с ф е р т т е р
- 16 - Қ а р ы з д а р д ы ө т е у

Ескерту. 16-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.12.15. N 1214 қаулысымен.

17. Функционалдық ішкі топ (бұдан әрі - ішкі функция) ел дамуының әрбір стратегиялық басымдығы жөніндегі міндеттер тобын функционалдық топ ішінде нақтылайды. Сыныптамалық коды 1 белгіден тұрады.

Ескерту. 17-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.12.15. N 1214 қаулысымен.

18. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері оларға жүктелген функциялар мен өкілеттіктерге сәйкес айқындалады.

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі - бюджеттік бағдарламаларды

жоспарлауға, негіздеуге және іске асыруға жауапты мемлекеттік орган.
Сыныптамалық коды 3 белгіден тұрады.

19. Бюджеттік бағдарламалардың әрбір әкімшісіне өзінің жеке сыныптамалық
к о д ы б е р і л е д і .

20. Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері Қазақстан
Республикасының Үкіметі бекітетін жергілікті мемлекеттік басқарудың үлгілік
құрылымына негізделе отырып айқындалады.

21. Бюджеттік бағдарлама - мемлекеттік басқару функцияларын,
республиканың немесе өңірдің стратегиялық, орта мерзімді бағдарламалары мен
даму жоспарларын іске асыру үшін қабылданған, бюджет қаражатымен
қамтамасыз етілетін міндеттер. Сыныптамалық коды 3 белгіден тұрады.

*Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.12.15. N 1214
қ а у л ы с ы м е н .*

22. Бюджеттік кіші бағдарлама бюджеттік бағдарлама шеңберіндегі бюджет
шығыстарының нақты бағыттарын ашады. Сыныптамалық коды 3 белгіден
т ұ р а д ы .

23. Шығыстардың функционалдық сыныптамасына кодтар тағайындау
функционалдық топтың, функционалдық ішкі топтың, бюджеттік бағдарламалар
әкімшісінің, бюджеттік бағдарлама мен кіші бағдарламаның кодтарынан
қалыптасатын 12 белгілі кодтан тұрады. Шығыстардың барлық функционалдық
сыныптамасында жалғыз болатын тәсілмен жүзеге асырылады. Егер бағдарлама
кіші бағдарламаларға бөлінбесе, олардың орнына 000 сыныптамалық коды
к ө р с е т і л е д і .

24. Экономикалық нәтижелеріне байланысты бюджеттік бағдарламалар
м ы н а л а р ғ а б ө л і н е д і :

Ағымдағы бюджеттік бағдарламалар - нәтижелері:

1) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің Қазақстан Республикасының
заңнамалық кесімдеріне сәйкес тұрақты сипаты бар мемлекеттік басқару
функциялары мен мемлекет міндеттемелерін орындау жөніндегі қызметін
қ а м т а м а с ы з е т у г е ;

2) республиканың немесе өңірдің стратегиялық, орта мерзімді бағдарламалары мен даму жоспарларының мақсатына қол жеткізуге, нақты міндеттері мен іс-шараларын шешуге бағытталған бюджеттік бағдарламалар.

Бюджеттік даму бағдарламалары - нәтижелері республиканың немесе өңірдің стратегиялық, орта мерзімді бағдарламаларының, даму жоспарларының мақсатына қол жеткізу дәрежесіне, міндеттері мен іс-шараларын шешуге тікелей ықпал ететін, экономикалық пайда немесе әлеуметтік-экономикалық әсер алуға бағытталған бюджеттік бағдарламалар.

Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдеріне сәйкес бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыруға және мемлекеттік басқару функциялары мен мемлекет міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етуге бағытталған, тұрақты сипаты бар немесе бюджеттік даму бағдарламаларына жатпайтын біржолғы іс-шаралар өткізуді көздейтін шығыстарды бір бюджеттік бағдарламаға біріктіруге жол берілмейді.

Ескерту. 24-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.12.15. N 1214 қаулысымен.

25. Іске асыру тәсіліне байланысты бюджеттік бағдарламалар мыналарға бөлінеді:

бір әкімші іске асыратын жеке бюджеттік бағдарламалар;
бюджетте бюджеттік бағдарламалардың бір әкімшісі бойынша бекітілетін және қаржы жылы ішінде бюджеттік бағдарламалардың түрлі әкімшілері арасында бөлінуге тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламалар.

26. Бюджеттік бағдарламаларда 001-ден 999-ға дейінгі сыныптамалық код болады. Аттас, оның ішінде таратылатын бюджеттік бағдарламаларды орындау кезінде қолданылатын және бюджеттік бағдарламалардың бірнеше әкімшілеріне бекітілген бюджеттік бағдарламалардың бір коды болады және олар 100-ден 199 аралығындағы кодтар бойынша жіктеледі.

27. Бюджеттік кіші бағдарламаларда 001-ден 999-ға дейінгі сыныптамалық код болады. Бірнеше әкімшілерге бекітілген аттас бюджеттік кіші бағдарламалар 001-ден 099 аралығындағы кодтар бойынша жіктеледі.

28. Бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасы осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес құрылым бойынша жасалады.

4-тарау. Бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы

29. Бюджеттік бағдарламаларды іске асыру үшін мемлекеттік мекемелер жүзеге асыратын операцияларды бейнелейтін экономикалық сипаттамалар

бойынша бюджет шығыстарын топтастыру бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы болып табылады.

30. Бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасын топтастыру мыналардан тұрады:

шығыстарды экономикалық белгілері бойынша топтастыратын санаттар. Сыныптамалық коды 1 белгіден тұрады;

шығыстарды мемлекеттік мекемелер жүргізетін операциялардың негізгі түрлері бойынша топтастыратын сыныптар. Сыныптамалық коды 1 белгіден тұрады;

шығыстарды мемлекеттік мекемелер жүргізетін операциялардың негізгі түрлері бойынша неғұрлым егжей-тегжейлі топтастыратын ішкі сыныптар. Сыныптамалық коды 3 белгіден тұрады;

бюджеттік бағдарламаны іске асыру үшін мемлекеттік мекеме жүргізетін операцияның түрін айқындайтын ерекшеліктер. Сыныптамалық коды 3 белгіден тұрады.

31. Ерекшеліктердің сыныптамалық кодтары шығыстардың экономикалық сыныптамасының жоғары тұрған деңгейлерінің сыныптамалық кодтарынан бөлек қолданыла алады және әртүрлі санаттарда, сыныптарда, ішкі сыныптарда қайталанбауға тиіс.

32. Экономикалық сыныптама мынадай санаттардан тұрады:

ағымдағы шығындар - мемлекеттік мекемелердің өз функцияларын жүзеге асыруға байланысты шығындары;

күрделі шығындар - негізгі капиталды құруға, қалпына келтіруге немесе сатып алуға байланысты шығындар;

бюджеттік кредиттер - қайтарымды, мерзімді және ақылы негізде бюджеттен бөлінетін ақша;

қаржы активтерін сатып алу - мемлекеттік меншікке заңды тұлғалардың, соның ішінде халықаралық ұйымдардың қатысу үлестерін, бағалы қағаздарын сатып алу жөніндегі операциялармен байланысты шығыстар;

қарыздарды өтеу - қарыздар бойынша негізгі борышты өтеуге жұмсалатын шығыстар .

33. Бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес құрылым бойынша жасалады.

34. Бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасының негізінде бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган осы Ережеге 4-қосымшаға сәйкес ерекшеліктердің анықтамасы мен ерекшеліктер бойынша шығындардың тізбесі көрсетілетін бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы ерекшелігінің құрылымын жасайды және бекітеді.

2-бөлім. Бюджеттік сыныптаманы жасау, бекіту және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

5-тарау. Бюджеттік сыныптаманы жасау, бекіту және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

35. Мемлекеттік басқару органдарының Бюджеттік сыныптамаға өзгерістер мен/немесе толықтырулар енгізу жөніндегі нормативтік негізделген тиісті ұсыныстары бюджетті жоспарлау процесінде, сондай-ақ Бюджеттік сыныптамаға өзгерістер немесе толықтырулар енгізуді болжайтын нормативтік құқықтық кесім қабылданған жағдайда бюджетті атқару барысында бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға енгізіледі.

36. Бюджеттік сыныптаманың жобасына алдағы қаржы жылына арналған бюджет жобасын жоспарлау үшін қажетті өзгерістер мен/немесе толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар ағымдағы жылдың 1 мамырына дейін енгізіледі.

37. Алдағы қаржы жылына арналған Бюджеттік сыныптама жобасын бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган ағымдағы жылдың 1 маусымына дейін республикалық және жергілікті бюджеттерді қалыптастыру үшін орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарға жібереді.

38. Тиісті бюджет деңгейлерінен қолданыстағы сыныптамалық кодтар алынып тасталған жағдайда, Бюджеттік сыныптаманы жасау кезінде олардың қолданылуының аяқталу күні көрсетіледі.

39. Бюджеттік сыныптаманың жобасы алдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңның жобасы Қазақстан Республикасы

Парламентінің қарауына енгізілгеннен кейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізіледі және жоспарланып отырған жылдың алдындағы жылғы 20 желтоқсанға дейін бекітіледі.

6-тарау. Бюджет түсімдерінің сыныптамасын жасау және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

40. Бюджеттік сыныптамада түсімдердің жаңа түрлерін енгізу, қолданыстағыларды алып тастау немесе өзгерту бюджет түсімдерінің тиісті түрлерін регламенттейтін нормативтік құқықтық кесімдердің негізінде жүргізіледі.

Бұл ретте, нормативтік құқықтық кесімді әзірлеуге жауапты орган ол бекітілгеннен кейін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға бюджет түсімдерінің жаңа түрлерін енгізу туралы, қолданыстағыларды алып тастау немесе өзгерту туралы ұсыныс енгізеді.

41. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган мемлекеттік басқару органдарының бюджет түсімдерінің жаңа түрлерін енгізу туралы, қолданыстағыларды алып тастау немесе өзгерту туралы тиісті ұсыныстарының қолданыстағы нормативтік құқықтық кесімдердің нормаларына, сондай-ақ осы Ережеде көрсетілген талаптарға сәйкестігін қарайды.

Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бұл ұсыныстардан негізді түрде бас тартады не белгіленген тәртіппен Бюджеттік сыныптамаға өзгерістер мен/немесе толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасын әзірлейді.

7-тарау. Бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасын жасау және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

42. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың жаңа әкімшілерін енгізу, қолданыстағыларын алып тастау немесе өзгерту орталық мемлекеттік орган құрылған, таратылған, қайта ұйымдастырылған, сондай-ақ қажет болған кезде олардың функциялары өзгерген жағдайда жүзеге асырылады.

43. Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың жаңа әкімшілерін енгізу, қолданыстағыларын алып тастау немесе өзгерту жергілікті мемлекеттік басқарудың үлгілік құрылымы өзгертілген жағдайда жүзеге асырылады.

44. Бюджеттік сыныптамада жаңа бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) енгізу, қолданыстағыларын алып тастау немесе өзгерту

бюджет шығыстарының тиісті түрлерін регламенттейтін нормативтік құқықтық кесімдер негізінде жүргізіледі.

45. Жергілікті атқарушы органдар жаңа жергілікті бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) енгізу туралы, қолданыстағыларын алып тастау немесе өзгерту туралы ұсыныстарды тиісті орталық салалық мемлекеттік органдарға жібереді, олар бұл ұсыныстардың қолданыстағы нормативтік құқықтық кесімдерге сәйкестігі, өкілеттіктерді мемлекеттік басқару деңгейлері арасында тарату мәніне қарайды.

Сәйкес келмеген жағдайда орталық салалық мемлекеттік органдар жергілікті атқарушы органдарға Бюджеттік сыныптамаға өзгерістер мен/немесе толықтырулар енгізуден негізделген бас тарту жасайды.

Сәйкес келген жағдайда орталық салалық мемлекеттік органдар жергілікті атқарушы органдар ұсыныстарының жиынтық тізбесін жасайды және өздерінің қорытындыларымен бірге бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға жібереді.

46. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган орталық салалық мемлекеттік органдардың жаңа республикалық және/немесе жергілікті бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) енгізу туралы, қолданыстағыларын алып тастау немесе өзгерту туралы ұсыныстарының олардың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігін, нормативтік құқықтық негіздемесінің болуын, сондай-ақ осы Ережеде көрсетілген талаптарға сәйкестігін қарайды.

Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бұл ұсыныстардан негізді түрде бас тартады не белгіленген тәртіппен Бюджеттік сыныптамаға өзгерістер мен/немесе толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасын әзірлейді.

47. Тек бюджет нақтыланған немесе түзетілген кезде ғана ағымдағы қаржы жылы бюджетінің атқарылуы барысында жаңа бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) енгізуге, қолданыстағыларын алып тастауға немесе өзгертуге болады.

8-тарау. Бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасын жасау және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

48. Шығыстардың экономикалық сыныптамасының жаңа ерекшелігін енгізу, қолданыстағыларын алып тастау немесе өзгерту бюджет шығыстарының тиісті түрлерін регламенттейтін нормативтік құқықтық кесімдер негізінде, сондай-ақ

мемлекеттік органдардың ұсыныстары ескеріле отырып жүргізіледі.

49. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган мемлекеттік органдардың шығыстардың экономикалық сыныптамасының жаңа ерекшелігін енгізу туралы, қолданыстағыларын алып тастау немесе өзгерту туралы тиісті ұсыныстарының қолданыстағы нормативтік құқықтық кесімдердің нормаларына, сондай-ақ осы Ережеде көрсетілген талаптарға сәйкестігін қарайды.

50. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган Бюджеттік сыныптама бекітілгеннен кейінгі 3 жұмыс күні ішінде бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы негізінде бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы ерекшелігінің құрылымын жасайды және бекітеді.

Қазақстан Республикасының
Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын
жасау ережесіне 1-қосымша
Бюджет түсімдерінің сыныптамасы

С а н а т ы				С ы н ы б ы			
				І ш к і		с ы н ы б ы	
				Е р е к ш е л і г і			
				Қолданылуының аяқталатын күні			
				А т а у ы			
0				0		0	
				0		0	

Қазақстан Республикасының
Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын
жасау ережесіне 2-қосымша
Бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасы

Ф у н к ц и о н а л д ы қ				т о п			
				І ш к і		ф у н к ц и я	
				Бағдарламалардың әкімшісі			
				Бағдарлама			
				Кіші бағдарлама			

					Қолданылуының аяқталатын күні
					А та у ы
0		0			

0
0 0 0
0 0 0
0 0 0

Қазақстан Республикасының
Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын
жасау ережесіне 3-қосымша
Бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы

С а н а т ы

					С ы н ы б ы
					І ш к і с ы н ы б ы
					Е р е к ш е л і г і
					Қолданылуының аяқталатын күні
					А та у ы

0
0
0 0 0
0 0 0

Қазақстан Республикасының
Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын
жасау ережесіне 4-қосымша
**Қазақстан Республикасы бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы
ерекшелігінің құрылымы**

Кіші сыныбы | Ерекшелігі | Атауы | Анықтамасы | Шығындар тізбесі